

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.06.2013 № 636 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын, «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын және «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бұдан әрі - **Бағдарлама**) **бекітілсін.**
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.
3. Жергілікті атқарушы органдар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат, оның ішінде Бағдарламаны іске асыру шеңберінде бөлінетін қаражаттың пайдаланылуы туралы жиынтық ақпарат берсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелсін.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы

Ескерту. Бағдарлама жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1772 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы
Әзірлеу үшін негіздеме

- Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама

Әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік Мақсаттарға, нысаналы индикаторларға, міндеттерге, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге жауапты мемлекеттік және өзге де органдар

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
орган
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, облыстардың,

Бағдарламаның мақсаты	Астана және Алматы қалаларының әкімдері - Жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға ж ә р д е м д е с у
Бағдарламаның міндеттері	- Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және халықтың нысаналы топтары арасынан адамдарды жұмыспен нәтижелі қамтылуға тарту; Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін кадр әлеуетін дамыту; Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.
Бағдарламаны іске асыру мерзімі және кезеңдері	- 1-кезең - 2011 (пилоттық) 2-кезең - 2012 – 2015 жылдар 3-кезең - 2016 – 2020 жылдар
Нысаналы индикаторлар	- Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасында көзделген міндеттерді іске асыру барысында 2020 жылға қарай мынадай нәтижелерге қол жеткізу жоспарланып отыр: Бағдарламамен 1,5 млн. дейін адам қамтылатын болады; 2016 жылға қарай: кедейлік деңгейі 8,2 %-дан 6 %-ға т ө м е н д е й д і ; жұмыссыздық деңгейі 5,5 % аспайтын б о л а д ы ; өз бетінше жұмыспен айналысатын халықтың жалпы санындағы нәтижелі жұмыспен қамтылғандардың саны 2015 жылға қарай 56 %-ға дейін, 2020 жылға қарай – 75 %-ға д е й і н ұ л ғ а я д ы .
Қаржыландыру көздері мен көлемі	- Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджетте: 2011 жылға – 37,4 млрд. теңге; 2012 жылға – 57,6 млрд. теңге; 2013 жылға – 94,7 млрд. теңге (оның ішінде 20 млрд. теңге шартты-қаржыландырылатын шығыстар);

2014 жылға – 100,6 млрд. теңге;
2015 жылға – 98,7 млрд. теңге көзделген.
Келесі жылдары Бағдарламаны қаржыландыру
көлемі Қазақстан Республикасының
заңнамасына сәйкес республикалық бюджетті
тиісті жоспарлы кезеңге қалыптастыру
кезінде нақтыланатын болады.

2. Кіріспе

Мемлекет басшысы өзінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында еңбек нарығының тиімділігін арттыру, аз қамтылған, жұмыссыз мен өз бетінше жұмыспен айналысушы халықты жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесудің белсенді бағдарламаларына тарту міндеттерін қойды.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдықтарының біріне жатады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету - халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адами ресурстар әлеуетін дамыту мен іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Әлеуметтік-экономикалық өзгеру барысында елде қарқынды дамушы еңбек нарығы құрылды, халықтың экономикалық белсенділігі мен жұмыспен қамтылу деңгейі тұрақты өсуде. Соңғы 10 жылда жұмыспен қамтылған халық саны 6698,8 мыңнан 8141,4 мың адамға артты, ал жұмыссыздық деңгейі 2001 жылғы 12,8 %-дан 2010 жылдың соңында 5,5 %-ға дейін төмендеді.

Жол картасы шеңберінде жұмыс орындарын сақтау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнайы шараларын әзірлеу және іске асыру әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсеріне байланысты уақытша экономикалық қиындық жылдары да (2008 – 2010 жылдар) жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық-инновациялық дамуға көшу, бір жағынан, жұмыспен қамтудың одан әрі өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді, екінші жағынан - еңбек нарығына жұмыс күшінің ішкі резервін тартудың, еңбек ресурстарының сапасы мен экономикалық белсенділігін арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында еңбек нарығын және жұмыспен қамту саласын реттеу 1991 жылдан бастап негізінен халықты жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламалары форматында жүзеге асырылды: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 маусымдағы № 833 қаулысымен бекітілген Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі 2000 – 2002 жылдарға арналған бағдарлама, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы № 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003 – 2005 жылдарға арналған бағдарлама және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы № 68 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005 – 2007 жылдарға арналған бағдарламасы

2008 – 2010 жылдарға жұмыссыздықтың өсуінің алдын алуға, жұмыспен нәтижелі қамтудың өсуіне жәрдемдесуге, жұмыс күшінің сапасын арттыруға және ұлттық еңбек нарығын қорғауға бағытталған Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қарашадағы № 1114 қаулысымен бекітілген болатын.

Алайда әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың әсерімен 2008 жылғы күзден бастап Қазақстан Республикасында өндіріс қарқыны төмендей бастады, инфляцияның өсуі байқалды, жұмыспен қамтудың төмендеуі және тиісінше халық табысының азаюы белең алды. 264 кәсіпорын өндірісін толық немесе ішінара тоқтатты. Қырық мыңнан астам қызметкер ішінара жұмыспен қамту режиміне ауыстырылды не ақысы төленбейтін демалыстарға жіберілді. Жұмыссыз халық саны 559,3 мың адам болды (немесе экономикалық белсенді х а л ы қ т ы ң 6 , 6 %) .

Жұмыссыздықтың өсуі, қызметкерлердің одан әрі босатылуы, әсіресе өндірістің экспортқа бағытталған салаларында болжанды. Құрылыс, сауда, көлік және байланыс салаларында да жұмыс орындарының қысқару қаупі күтілді.

Осындай жағдайда Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі жұмыспен қамтуға, жұмыссыздықтың айтарлықтай өсуіне жол бермеуге, жұмыс орындарын сақтауға және жаңаларын құруға бағытталған арнайы Жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын (Жол картасын) әзірледі.

Жол картасы шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарын (әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, қайта даярлау және біліктілікті арттыру) кеңінен қолдану халықтың нысаналы топтары құрамындағы азаматтардың белсенділігіне ықпал етті, ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (4,7 %) алғаш рет елдегі жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен төмен көрсеткіште белгіленді.

Жол картасының негізгі нәтижелері: шамамен 9 мың жоба іске асырылды; 392 мың жұмыс орны құрылды; шамамен 150 мың адам даярлауға және қайта даярлауға жіберілді, олардың жартысына жуығы жұмысқа орналастырылды; 192 мыңнан астам адам әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасы шеңберіндегі жұмыс орындарына орналастырылды.

Дағдарыс жағдайында іске асырылған халықты жұмыспен қамтудың қысқа мерзімді стратегиясы – Жол картасы жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеумен қатар, оның деңгейінің 2009 жылғы екінші тоқсандағы 6,9 %-дан 2010 жылғы желтоқсанда 5,5 %-ға дейін төмендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Жұмыспен қамтудың өсуі халық табысының артуы мен кедейлік деңгейінің төмендеуіне негіз болды. Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз халық үлесі 2001 жылғы 46,7 %-дан 2006 жылғы 18,2 %-ға және 2010 жылғы 6,9 %-ға дейін азайды.

Алайда оң өзгерістерге қарамастан, ұлттық еңбек нарығы теңгерімді емес. Жұмыссыздар бар болғанына қарамастан бос жұмыс орындарының толықтырылмауы сақталып отыр, экономика салаларының мамандарға деген қажеттілігінің объективті болжамы жоқ. Еңбек ресурстары сапасының төмендігіне және өндіріс пен оқудың арасында нақты байланыстың болмауына байланысты жұмыс күшінің, бірінші кезекте білікті кадрлардың, техникалық және қызмет көрсету еңбегі қызметкерлерінің тапшылығы байқалып отыр. Жұмыспен қамтылған халықтың шамамен үштен бірінің кәсіптік білімі жоқ.

Жұмыспен қамтылған халық құрылымында өз бетінше жұмыспен айналысатындардың үлесі – 33,3 % немесе 2,7 млн. астам адамды құрайды. Өз бетінше жұмыспен айналысушылардың негізгі бөлігі ауылдық жерлерде тұрады және жеке шаруашылығын жүргізумен айналысады, одан түсетін табыс тіршілік етуге жеткілікті деңгейде ғана болады. Өз бетінше жұмыспен айналысушылардың басым бөлігі әлеуметтік қорғау және қолдау жүйесімен қамтылмаған.

Ауыл жастарының жағдайы ерекше алаңдаушылық тудырып отыр, кәсіптік білім алуға қолжетімділігі шектеулі болғандықтан, олар ресми еңбек нарығында іс жүзінде бәсекеге қабілетсіз болып табылады.

Еңбек нарығында қалыптасқан мұндай ахуалдың тікелей салдары кедейліктің сақталуы болып табылады, 2010 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1,1 млн. астам адамның табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз.

Аз қамтылған халықты әлеуметтік қолдауда жұмыспен қамтуға және еңбектен табыс табуға жәрдемдесудің белсенді шаралары жеткілікті қолданылмады.

Өткен ғасырдың 90 жылдарының соңында жұмыспен қамту қызметтеріне жүргізілген институционалдық қайта құрулар еңбек нарығын реттеу тиімділігін

т ө м е н д е т т і .

Осылайша қалыптасқан жағдай кедейлікті төмендету қарқынын баяулатып қана қоймайды, сонымен қатар экономикалық өсудің жаңа кезеңіне өту жағдайында жұмыс күшіне деген сұраныстың артқанына қарамастан, елде бар еңбек ресурстарының толық пайдаланылмайтынын білдіреді.

Әлемдік практикада осы тектес проблемаларды шешу үшін еңбек нарығындағы белсенді бағдарламалар (бұдан әрі – ЕНББ) қолданылады. ЕНББ еңбек ресурстарын дамыту (кәсіптік даярлау және қайта даярлау), жұмыс күшіне деген сұранысты арттыру (жалақыны/жұмыспен қамтуды субсидиялау, қоғамдық жұмыстар), еңбек нарығын реттеуді жетілдіру (жұмыспен қамту қызметтерін құру, ақпараттық қолдау), еңбек күш-жігерін жандандыруды мемлекет жүзеге асыратын әлеуметтік қолдау жүйесімен үйлестіру («күқықтар мен міндеттер» немесе «өзара міндеттемелер» стратегиялары, бұл жағдайда мемлекет жұмыспен қамту және оқыту бойынша жоғары сапалы қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал ЕНББ-ға қатысушы жұмысты қарқынды іздеуді жүзеге асыруға міндеттенеді) а р қ ы л ы жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

ЕНББ экономикалық тұрғыдан – жұмыспен нәтижелі қамту ықтималдығының артуын, еңбек өнімділігі мен жалақының өсуін, әлеуметтік тұрғыдан - жұмыссыздықтың төмендеуін, еңбек белсенділігінің артуы мен адам әлеуетінің д а м у ы н б о л ж а й д ы .

Бастапқыда мұндай бағдарламалар экономикалық күйзеліс кезінде және жұмыссыздық деңгейі жоғары кезде қолданылған, ал қазіргі уақытта – экономикасы өтпелі елдердегі өнеркәсіптік қайта құрылымдаудың кері әсерін жұмсарту және еңбек нарығынан барынша шалғай халықтың осал топтарын кіріктіру ү ш і н қ о л д а н ы л а д ы .

Осының негізінде қол жеткізілетін оң нәтижелер ЕНББ әзірлеудің және қазақстандық еңбек нарығында да қолданудың өзектілігін арттырып отыр

Жол картасын іске асыру барысында жинақталған еңбек нарығында туындайтын тәуекелдерді басқару тәжірибесі біздің бұл тұрғыдағы мүмкіндіктерімізді арттыра түседі.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және нысаналы индикаторлары

4.1 Бағдарламаның мақсаты

Жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу.

4.2 Бағдарламаның нысаналы индикаторлары

2020 жылға қарай :
Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасымен (бұдан әрі – Бағдарлама) 1,5 млн.
дейін адам қамтылатын болады.

2016 жылға қарай :
Жұмыссыздық деңгейі 5,5 %-дан аспайтын болады, оның ішінде:
2012 жылы – 5,8 %, 2013 жылы – 5,7 % және 2014 жылы – 5,6 % және 2015
жылы – 5,5 % .

Кедейлік деңгейі 8,2 %-дан 6 %-ға төмендейді, оның ішінде:
2012 жылы – 6,3 %, 2013 жылы – 6,2 % және 2014 жылы – 6,1 % және 2015
жылы 6,0 % құрайды .

Өз бетінше жұмыспен айналысатын халықтың жалпы санындағы нәтижелі
жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2015 жылға қарай 56 %-ға, 2020 жылға қарай
– 75 %-ға дейін ұлғаяды .

(Ескертпе: 2011 жылдың қорытындысы бойынша 50,6 % немесе 1,38 млн.
адам, 2015 жылы – 56 % немесе 1,52 млн. адам, 146 мың адамға көбейеді, 2020
жылы – 75 % немесе 2,1 млн. адам, 2011 жылмен салыстырғанда 700 мың адамға
ұлғаяды) .

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қамтылғандардың үлес салмағы:
өз бетінше жұмыспен айналысушылар (өз бетінше жұмыспен
айналысушылардың жалпы санында) 2012 жылы – 0,9 %, 2013 жылы – 1,2 %,
2014 жылы – 1,5 % және 2015 жылы – 1,8 % болады;
жұмыссыздар (жұмыссыздардың жалпы санында) 2012 жылы – 15,1 %, 2013
жылы – 20,0 %, 2014 жылы – 22,0 % және 2015 жылы – 25,0 % болады;
күнкөрісі төмен отбасылардың еңбекке жарамды мүшелері (тартылған) 2012
жылы – 17,0 %, 2013 жылы – 18,0 %, 2014 жылы – 19,0 % және 2015 жылы – 20,0
% болады.

4.3. Бағдарламаның міндеттері

1. Өз бетінше жұмыспен айналысушыларды, жұмыссыздарды және халықтың
нысаналы топтарына кіретін адамдарды жұмыспен қамтудың белсенді
бағдарламаларына тарту .

2. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту
жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны (бұдан әрі –
ҮИИДМБ) іске асыру үшін кадр әлеуетін дамыту.

3. Атаулы әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру.

Бағдарламаны іске асыру бірінші кезекте, оқытуға, жұмысқа орналастыруға,
өзінің жеке ісін ашуға және кеңейтуге жәрдемдесуге, ал мұндай мүмкіндіктер
болмаған жағдайда, жұмыспен нәтижелі қамтудың қолжетімділігін кеңейту

мақсатында өз еркімен көшуіне жәрдемдесуге бағытталған.

Осыған орай, Бағдарламаны іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады :

1. Оқыту және жұмысқа орналасуда жәрдемдесу.
 2. Кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу.
 3. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.
 4. Ауылдық елді мекендерді дамыту.
- Бағдарламаны іске асыру үшін:

1) нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі шаралар қабылданатын болады ;

2) жекелеген мамандықтар бөлінісінде ағымдағы бос жұмыс орындары және болжамды жұмыс орындарының жалпыұлттық дерекқоры (бұдан әрі - Дерекқор), кәсіптік білім беретін оқу орындарының дерекқоры қалыптастырылады және « Жастардың еңбек биржасы» бірыңғай веб-порталы құрылатын болады.

Дерекқор мемлекеттік, салалық бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары, сондай-ақ жеке сектордың бастамалары шеңберінде қалыптастырылатын болады.

Жергілікті мемлекеттік органдар мен мемлекеттік, салалық бағдарламалар, аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде жобаларды іске асыруға жауапты ұйымдар облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органына мерзімді негізде белгіленген нысан бойынша өңірлер мен жекелеген мамандықтар бөлінісінде қызметкерлерге бар және болжамды қажеттілік жөнінде мәлімет жібереді.

Дерекқор қалыптастыру тәртібі мен жергілікті мемлекеттік органдар мен мемлекеттік, салалық бағдарламалар, аумақтарды дамыту бағдарламалары шеңберінде жобаларды іске асыруға жауапты ұйымдар ұсынатын кадрларға қажеттілік туралы ақпаратты ұсыну тәртібін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Бағдарлама операторы) бекітеді .

Орталық мемлекеттік органдар жыл сайын, 15 ақпаннан кешіктірмей белгіленген нысан бойынша Бағдарлама операторына мемлекеттік және салалық бағдарламада көрсетілген жұмыс орындарын құру жөніндегі жоспарларға сәйкес үшжылдық кезеңге жетекшілік ететін салалардағы болжамды қажеттілік және өңірлер бөлінісінде өткен жылы нақты құрылған жұмыс орындары туралы мәліметтерді жібереді .

Орталық мемлекеттік органдардың кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру тәртібі мен нысанын Бағдарлама операторы олармен келісу арқылы бекітеді.

Бағдарламада көзделген іс-шараларды қаржылай қамтамасыз ету мақсатында мәлімделген қажеттілікке сәйкес және республикалық бюджеттің қаржылай

мүмкіндіктерін ескере отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әрқайсысы үшін қаржыландыру лимиті айқындалады.

Лимит бойынша берілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және Бағдарламада көзделген нәтижелерге (нысаналы индикаторларға) қол жеткізу үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен жергілікті атқарушы органдар арасында мынадай негізгі параметрлер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасалады: жұмыссыздық деңгейі:

өз бетінше жұмыспен айналысатын халықтың жалпы санында жұмыспен нәтижелі қамтылғандардың санын ұлғайту;

халықтың құрылымында ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен деңгейде өмір сүріп жатқан еңбекке қабілетті адамдар үлесін қысқарту;

мемлекеттік қолдау шараларымен, оның ішінде кәсіптік оқумен, кәсіпкерліктің негіздеріне оқытумен қамтылған Бағдарламаға қатысушылардың, көшкендердің және жұмысқа орналастырылғандардың саны;

тұрақты жұмыс орындарына, әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына жұмысқа орналастырылған, оның ішінде кәсіптік оқудан өткен Бағдарламаға қатысушылар саны; басқа да көрсеткіштер.

Бағдарламаның іске асырылуын басқаруды: республика деңгейінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – В А К) .

Бағдарлама операторы;

облыстық (астана, республикалық маңызы бар қала) деңгейде – Бағдарламаны іске асыру жөніндегі өңірлік комиссия (бұдан әрі – өңірлік комиссиялар) және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар;

аудандық (қалалық) деңгейде – Бағдарламаны іске асыру жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия (бұдан әрі – аудандық (қалалық) комиссиялар), жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар және халықты жұмыспен қамту орталықтары;

селолар мен ауылдар деңгейінде – (селолар мен кенттердің және селолық округтердің әкімдері) осы әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің аппараттары жүзеге асыратын болады.

Тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын әлеуметтік келісімшарттар Бағдарламаның орындалуын ұйымдастырудың аса маңызды құралдары болып табылады.

Өңірлік, аудандық (қалалық) комиссиялардың үлгі ережелерін, әлеуметтік

келісімшарттың, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарының әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы өтініштерінің (хабарламаларының) нысандарын Бағдарлама операторы бекітеді.

Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Бағдарлама операторы, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар мен халықты жұмыспен қамту орталықтары жеке жұмыспен қамту агенттіктерімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

бос жұмыс орындары мен Бағдарламаға қатысушылардың дерекқорына қолжетімділік беру;

Бағдарламаға қатысуға үміткерлерге Бағдарлама шеңберінде ұсынылатын мемлекеттік қолдау шаралары туралы консультация беру; Бағдарламаға қатысушыларға жұмысқа орналасуда жәрдемдесу.

4.3.1. Бірінші бағыт:

оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу

Бірінші бағыт еңбек әлеуетін дамыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу арқылы халықтың жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының мынадай азаматтары мен оралмандар осы бағыттың қатысушылары бола алады: ішінара жұмыспен қамтылғандар; жұмыссыздар; өз бетінше жұмыспен айналысушылар; табысы аз адамдар; ағымдағы күнтізбелік жылы жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбын бітіргендер; еңбекке қабілеттілігін сақтаған мүгедектер; жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; белгіленген жасқа дейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер; ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін және мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды алушы болып табылатын адамдар. Бағдарламаға қатысудың басым мүмкіндіктері ауылдық жердегі жастар мен әйелдерге беріледі.

Осы бағыт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетіледі:

кәсіптік оқу, жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультациялар, сондай-ақ психологиялық бейімдеу;

тегін біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарына (бұдан әрі – кәсіптік оқыту) жіберу;

кәсіптік оқуға материалдық көмек беру; лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік

жұмыс орындарына және жастар практикасына орналасуға жәрдемдесу;
жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын жеке
тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау;
жастар практикасына жіберілген жеке тұлғаларға еңбекақы төлеу.

Жастар практикасына қатысушылардың жалақысын субсидиялау 6 ай бойы
жүзеге асырылады. Жастар практикасына жіберілген Бағдарламаға
қатысушылардың еңбекақысын субсидиялау мөлшері айына 17,2 айлық есептік
көрсеткішті (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған
еңбек демалысына өтемақыны және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды.
Азаматтардың жастар практикасына қатысу және оларға мемлекеттік қолдау
көрсету шарттары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Жастар
практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасында көзделген.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған Бағдарламаға
қатысушылардың жалақысын мемлекеттің ішінара субсидиялауы 12 ай бойы
жүзеге асырылады.

Бір айдағы жалақыға берілетін субсидия мөлшері салықтарды, міндетті
әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны
ескере отырып, мынаны құрайды:

- 1) алғашқы 6 айда жалақының 50 %-на дейін, бірақ 26 мың теңгеден аспайды;
- 2) келесі 3 айда жалақының 30 %-на дейін, бірақ 15,6 мың теңгеден аспайды;
- 3) соңғы 3 айда жалақының 15 %-на дейін, бірақ 7,8 мың теңгеден аспайды.

Азаматтардың Бағдарламаға қатысу және оларға мемлекеттік қолдау көрсету
шарттары Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидасында көзделген.

Жалдамалы қызметкерлерді өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей кәсіптік
қайта даярлау және біліктілігін арттыру Бағдарламаға қатысушының жұмыс
орнының сақталу шартымен жұмыс берушілердің өтінімі бойынша жүзеге
асырылады.

Іске асыру тетігі:

1) Бағдарламаға қатысуға үміткерлер тұрақты тұратын жерінің аудан, қала
бойынша халықты жұмыспен қамту орталықтарына Бағдарламаға қатысуға
өтінішпен жүгінеді және Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына
жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес құжаттарды тапсырады;

2) Халықты жұмыспен қамту орталықтары тапсырылған құжаттарды қарайды
және тапсырылған құжаттардың Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын

талаптарға сәйкестігін салыстырып тексеру негізінде Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы (не бұдан бас тарту туралы) шешім қабылдайды;

3) Бағдарламаға қатысушыларға халықты жұмыспен қамту орталықтары қолданыстағы Дерекқордағы бос жұмыс орындарына не жұмыс берушілердің өздері немесе жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы мәлімдеген жұмыс орындарына, жалақысын ішінара субсидиялай отырып, әлеуметтік жұмыс орындарына, сондай-ақ жастар практикасынан өту үшін жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді;

4) Қажетті кәсіптік даярлығы болмағандықтан, жұмысқа орналаса алмай жүрген Бағдарламаға қатысушылар Дерекқорға енгізілген кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқуға, сондай-ақ жұмыс берушілердің өздері немесе жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы мәлімдеген тиісті жұмыс орындарына жіберіледі;

5) Дерекқордағы бар жұмыс орындарына, жеке жұмыспен қамту агенттіктері және жұмыс берушілер ұсынған жұмыс орындарына кәсіптік оқудан өтпестен жұмысқа орналасу жағдайларын қоспағанда, Бағдарламаға қатысушы мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады;

6) Кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін Бағдарламаға қатысушыларға алған мамандығы (кәсібі) бойынша жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетіледі;

7) Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын Бағдарламаға қатысушылар тарапынан халықты жұмыспен қамту орталықтары, халықты жұмыспен қамту орталықтары тарапынан – ауданның (қаланың) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органы бақылайды.

4.3.1.1. Бағдарламаның бірінші бағытын пилоттық режимде іске асырудың қосымша шарттары

2013 жылдан бастап Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ ВАК шешімімен айқындалған өңірлерде кәсіптік оқудан өту үшін үміткерлерді іріктеуді, мамандықтар (кәсіптер) және кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын таңдауды кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін іріктелген үміткерлерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін жұмыс берушілер жүргізетін тәртіп енгізіледі.

Іске асыру тетігі:

1) Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін тұрақты жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілер: кәсіптік оқудан өткізуге үміткерлерді іріктейді; ағымдағы және перспективалық қажеттілікті ескере отырып, оқыту үшін

ма м а н д ы қ (к ә с і п) т а ң д а й д ы ;

Қазақстан Республикасының аумағында кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын
білім беру ұйымын т а ң д а й д ы ;

2) Бағдарламаға қатысуға үміткерлерді іріктеуді жұмыс берушілер:
өз бетінше іздестіреді, оның ішінде жұмыспен қамту агенттіктері арқылы;
Халықты жұмыспен қамту орталығы ұсынатын Бағдарламаға қатысушылар
а р а с ы н а н т а ң д а й д ы ;

бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысу арқылы жүргізеді.

3) Кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын ұйымды таңдауды жұмыс берушілер
тізбесі Бағдарлама операторының, сондай-ақ білім саласындағы уәкілетті
органның, Бағдарлама операторының жанындағы жеке кәсіпкерлік
субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, жұмыспен қамту мәселелері
жөніндегі уәкілетті органдардың және жұмыспен қамту орталықтарының
интернет-ресурсында орналастырылатын ұйымдардың арасынан жүргізеді.

Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын ұйымдардың
тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) қалыптастыру, оған өзгерістер мен толықтырулар
енгізу тәртібі Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына
қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді
және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидасында айқындалады.

4) Халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіптік оқыту үшін жұмыс
берушілер іріктеген Бағдарламаға қатысушылармен білім беру ұйымы мен
жұмыс беруші тараптары қатысатын әлеуметтік келісімшарт жасайды.

Жұмыс беруші мен білім беру ұйымы әлеуметтік келісімшартқа қосылу
туралы жауапты лауазымды адамның қолымен және мөрмен расталған жазбаша
өтініш (хабарлама) беру арқылы әлеуметтік келісімшарт жасасуды растайды.

Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін тұрақты жұмыс
орындарын ұсынатын жұмыс берушілер өтініште (хабарламада) Бағдарламаға
қатысушылардың деректерін, оларды оқытуды ұйымдастыру жоспарланып
отырған мамандық (кәсіп), білім беру ұйымын, өндірістік практикадан өту орнын
және оқу аяқталғаннан кейін жұмыс істеу кезеңін көрсетеді.

Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын білім беру
ұйымдары өтініште (хабарламада) мамандығы (кәсібі), оқытудың ұзақтығы мен
құны, өндірістік практикадан өтетін ықтимал орны мен шарттары туралы
а қ п а р а т т ы к ө р с е т е д і .

5) Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын Бағдарламаға
қатысушылар, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдары тарапынан халықты
жұмыспен қамту орталықтары, халықты жұмыспен қамту орталықтары

тарапынан – ауданның (қаланың) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бақылайды.

4.3.1.2. Кәсіпорындардағы оқу орталықтарында кәсіптік оқыту

Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде кәсіптік оқытуды заңды тұлға болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар оқу орталықтары (өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар жанындағы) жүзеге асыра алады.

Кадрларды фирмаішілік (өндірісішілік) даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыру жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатында, сондай-ақ оқу орталықтарының (өндірістік кәсіпорындар мен ұйымдар жанындағы) Бағдарламаға қатысу мүмкіндігін жүзеге асыру үшін, базасында оқу орталықтары жұмыс істейтін жұмыс берушілер:

оқу орталықтарының базасында оларға оқу ұйымы мәртебесін бере отырып, дербес заңды тұлғалар құруды;

құрылған заңды тұлғалардың белгіленген тәртіппен білім беру қызметін жүзеге асыруға лицензия алуын;

мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім мамандарын даярлауға қатысуды қамтамасыз етеді.

4.3.2. Екінші бағыт:

кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу

Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу: ішінара жұмыспен қамтылғандар; жұмыссыздар; өз бетінше жұмыспен айналысушылар; табысы аз адамдар; ағымдағы күнтізбелік жылы жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбын бітіргендер; еңбекке қабілеттілігін сақтаған мүгедектер; жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; белгіленген жасқа дейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер; ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін және мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды алушы болып табылатын, әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда, заңнамаға сәйкес қалалық елді мекендерге жататын кенттерде жеке ісін ұйымдастыруды немесе кеңейтуді қалайтын және оған мүмкіндігі бар адамдар қатарындағы адамдардың жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейтуі арқылы кәсіпкерлікті ынталандыруға және экономикалық белсенділікті арттыруға бағытталған.

Екінші бағытты іске асыру үшін ауылдық тірек елді мекендер басым елді

мекендер

болып

табылады.

Жеке ісін ұйымдастыруды немесе кеңейтуді қалайтын ауыл тұрғындарына, әйелдерге және мүгедектерге қатысудың басым құқығы беріледі.

Осы бағыт шеңберінде мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлері көрсетілетін болады:

сервистік қызметтер, оның ішінде консультациялық (бухгалтерлік, заңдық, маркетингтік) қызметтер көрсету, оқуға материалдық көмек ұсына отырып, кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту, бизнес жоспарын дайындауға жәрдемдесу, 1 жылға дейінгі мерзімге жобаларды сүйемелдеу;
микрокредиттер беру;

жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту және/немесе салу және/немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алу.

Бағдарламаның осы бағытына, оның ішінде қаржы агенттігі мәртебесіне ие ұйымдардың қатысуы, сондай-ақ Бағдарламаларға қатысушыларға мемлекеттік қолдау көрсету шарттары Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасында көзделген.

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі, микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерді іріктеу және кредит ресурстарын беру, оларға осы бағыт шеңберінде бөлінген кредит ресурстарының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізу, қатысу тәртібі Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидасында көзделген.

Микрокредит беру шарттары:

республикалық бюджеттен бюджеттік кредит жергілікті атқарушы органға 0,01% жылдық сыйақы ставкасымен қайтарымдылық, жеделділік және ақылылық қағидаттарында 5 жылға беріледі;

бюджеттік кредиттің нысаналы мақсаты – жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту, айналым капиталын толықтыру;

кредит тұтынушылық мақсаттарға, бұрынғы қарызды өтеуге және жылжымайтын тұрғын үй алуға берілмейді;

кредит беру мерзімі – 5 жылдан аспайды;

кредиттің ең жоғары сомасы 3 млн. теңгеден аспайды;

соңғы қарыз алушыға, микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және/немесе кредиттік серіктестіктерге кредит бойынша негізгі борышты өтеу бойынша кредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезең ұсынылуы мүмкін;

уәкілетті өңірлік ұйымның микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдар және/немесе кредиттік серіктестіктер үшін ұсынатын кредиттері бойынша жылдық сыйақы ставкасын өңірлік комиссиямен келісім бойынша уәкілетті өңірлік ұйым үшін белгіленген кредиттер бойынша сыйақы ставкасы және оның кредит беруді ұйымдастырумен байланысты жоспарланған шығыстары негізге алынып, уәкілетті ұйым белгілейді;

соңғы қарыз алушы үшін кредиттік ресурстар бойынша жылдық ең жоғары тиімді ставканы өңірлік комиссиямен келісе отырып, уәкілетті өңірлік ұйым белгілейді;

қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым ұсынатын соңғы қарыз алушы үшін кредиттік ресурстар бойынша жылдық сыйақының ең жоғары тиімді ставкасы өңірлік комиссиямен келісе отырып белгіленеді;

жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамытуға және/немесе салуға мемлекеттік сараптама жүргізу және ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алу республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жүзеге асырылады.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту Бағдарлама шеңберінде қатысушылар іске асыратын жобалар үшін қолданыстағы жүйелерге: жолдарға, кәрізге, жылумен және сумен жабдықтауға, телефон және электр желілеріне жетіспейтін инфрақұрылым жүргізуді көздейді.

Жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамытуды және/немесе салуды және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алуды жергілікті атқарушы органдар айқындалған техникалық шарттар немесе заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама және бизнес-ұсыныстар негізінде республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен жүзеге асырады.

Бұл ретте, инфрақұрылым объектілерін салу немесе реконструкциялау және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін сатып алынатын ілеспе технологиялық жабдықтардың құны жобалау-сметалық құжаттаманың құны мен мемлекеттік сараптама жүргізу құны есепке алынбай айқындалады және берілетін кредиттің сомасына қарамастан, Бағдарламаның бір қатысушысына 3 млн. теңгеден аспауға тиіс.

Жетіспейтін инфрақұрылым жүргізу елді мекенді дамытудың бас жоспарына (ауылда – инженерлік-коммуникациялық желілердің жергілікті схемаларына) сәйкес келуге тиіс және бір немесе бірнеше жобаны қамтамасыз етуге

Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына, кредиттік серіктестіктерге және қаржы агенттігі мәртебесіне ие ұйымдарға кредиттік ресурстар беру:

1) Бағдарлама операторы жергілікті атқарушы органға бюджеттік кредит б е р е д і .

2) аумақтарды дамыту бағдарламаларына сәйкес ауылдық округтер әкімдерінің қатысуымен аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы о р г а н д а р ы :

жергілікті бюджет қаражаты есебінен Кәсіпкерлікті дамыту картасын әзірлеуді қамтамасыз етеді және оны облыстың кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органымен келісім бойынша бекітеді;

Кәсіпкерлікті дамыту картасы бекітілгенге дейін Бағдарламаға қатысушыларға кредит беру белгілі бір өңірде кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3) Облыстардың жергілікті атқарушы органдары микрокредит беруді ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті өңірлік ұйымды айқындайды.

4) Уәкілетті өңірлік ұйым Микроқаржы (Микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерге кредит берудің белгіленген қағидасына сәйкес Бағдарламаға қатысу үшін микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарын және/немесе кредиттік серіктестіктерді іріктеу бойынша конкурс өткізеді.

Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктер арасында конкурс өткізбей соңғы қарыз алушыларға кредит беруді қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымның өзі жүзеге асыруы мүмкін.

5) Уәкілетті өңірлік ұйым мен микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарының және/немесе кредиттік серіктестіктердің арасында кредит беру туралы шарт ж а с а л а д ы .

Уәкілетті өңірлік ұйымның қаржы агенттігі мәртебесі болған жағдайда кредиттік шарт тікелей уәкілетті өңірлік ұйым мен соңғы тұтынушы арасында ж а с а л а д ы .

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Бағдарламаға қатысушыларға кәсіпкерлікті дамыту бойынша мемлекеттік қолдау ш а р л а р ы н ұ с ы н у :

1) Бағдарламаның екінші бағытына қатысуға ниет білдірушілер халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді, онда оларға Бағдарлама шеңберінде микрокредит алудың ықтимал нұсқалары туралы консультация береді.

Кредит қаражатын конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары немесе қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым арқылы алуға ниет білдірген жағдайда қатысуға үміткерлер жұмыспен қамту орталықтарына өтініш және Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің

белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына сәйкес құжаттар б е р е д і .

Егер үміткер микрокредитті кредиттік серіктестік арқылы алуға ниет білдірсе, ол қолданыстағы кредиттік серіктестікке қосыла алады немесе микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидасына сәйкес уәкілетті өңірлік ұйым өткізетін кредиттік серіктестіктерді іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысатын жаңа кредиттік серіктестік құра алады .

2) Халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынылған өтініштерді қарайды, мемлекеттік қолдау алу түрлері бойынша үміткерлердің тізімі мен жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту мен жайластыруды және/немесе Кәсіпкерлікті дамыту картасына сәйкес ілеспе технологиялық жабдық сатып алуды талап ететін жобалардың тізбесін қалыптастырады және:

ауданның (қаланың) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органына;
болжамды кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру орны бойынша селолық округтің, кенттің әкіміне ;

конкурстық негізге іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарға немесе қаржы агенті мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға немесе микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидасына сәйкес уәкілетті өңірлік ұйым өткізетін кредиттік серіктестіктерді іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысатын кредиттік серіктестіктерге ;

үміткер мәлімдеген жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық объектілерді дамыту және/немесе салу және ілеспе технологиялық жабдық сатып алу қажет болған жағдайда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және/немесе жайластыру жөніндегі уәкілетті органға (ауданның) жібереді.

3) Сұрауды алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде Жұмыспен қамту орталығына :

ауданның (қаланың) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органы – ұсынылған жобаның кәсіпкерлікті дамыту картасына немесе өңірде кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі туралы қорытындыны;

селолық округтың, кенттің әкімі – жобаны іске асырудың орындылығын келісу туралы қорытындыны не дәлелді түрде бас тартуды;

конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары, кредиттік серіктестіктер, қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым – үміткерлерге Бағдарламаның екінші бағытына қатысуға кредит беру мүмкіндігі туралы қорытындыны ;

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру

жөніндегі (ауданның) уәкілетті орган – жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту және/немесе салу және/немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алу мүмкіндігі туралы қорытындыны жібереді;

4) Халықты жұмыспен қамту орталығы жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін үміткерлерді Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылар құрамына қосу не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды бұл туралы жазбаша х а б а р д а р е т е д і .

5) Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаның екінші бағытына енгізілген адамдармен әлеуметтік келісімшарттар жасасады.

6) Облыстың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органы мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес сервистік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік негіздерін оқыту бағдарламасы мен оны өткізу кестесі халықты жұмыспен қамту орталығымен келісіледі.

7) Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларды оқуға, бизнес жоспар дайындауға жәрдемдесуге материалдық көмек ұсына отырып, оларға оқыту мерзімі бір ай мерзімге дейін кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқумен қамтамасыз ететін сервистік қызметтер көрсету ұйымдарына жібереді;

8) М и к р о к р е д и т т е р б е р у :

Бағдарламаға қатысушы сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымның жәрдем көрсетуімен бизнес-жоспар әзірлейді және Бағдарламаға қатысушыларға кредит беру құқығын алған қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға не микроқаржы (микрокредиттік) ұйымына микрокредит алуға өтініммен ж ү г і н е д і ;

қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым не микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы жобаға бағалау жүргізеді және микрокредит беру мүмкіндігі туралы (немесе мүмкін емес екендігі) туралы шешім қабылдайды;

микрокредитті кредиттік серіктестік арқылы алған жағдайда Бағдарламаға қатысушы жобаның бизнес жоспарын әзірлейді және микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидасына сәйкес уәкілетті өңірлік ұйым өткізетін кредиттік серіктестіктерді іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысатын кредиттік серіктестікке ж ү г і н е д і .

9) Бағдарламаға қатысушы кредит алуға оң қорытынды алғаннан немесе кредиттік серіктестік арқылы микрокредит алғаннан кейін сервистік қызмет көрсету жөніндегі ұйыммен бір жылға дейінгі мерзімге жобаны сүйемелдеу

жөніндегі қосымша қызметтер (маркетингтік, заңдық, бухгалтерлік және басқа да қызмет түрлерін) ұсынуға шарт жасасуға құқылы.

Сервистік қызметтер:

жұмыс уақытында телекоммуникациялық байланыс пен интернет бойынша; жұмыс уақытында сервистік қызмет көрсету жөніндегі ұйымның орналасқан жері бойынша;

екі айда кемінде бір рет Бағдарламаға қатысушының тұрғылықты жері бойынша консультациялар жүргізу арқылы көрсетеді.

Бағдарламаға қатысушының тұрғылықты жері бойынша сервистік қызметтер көрсету кестесі халықты жұмыспен қамту орталығымен келісіледі.

10) Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту:

халықты жұмыспен қамту орталықтары қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымнан не микроқаржы (микрокредиттік) ұйымынан немесе кредиттік серіктестіктен оң қорытынды алған кезде инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға жобалары инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуды немесе қайта жаңартуды немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алуды талап ететін Бағдарламаға қатысушылардың тізімін жібереді;

инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін қаржыландыру немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алу мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) және қаржыландыру көлемі туралы қорытынды дайындайды және халықты жұмыспен қамту орталығын хабардар етеді.

11) Оң қорытынды алған жобалар бойынша Бағдарламаға қатысушы мен инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органның арасында тиісті шарт жасалады.

12) Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

13) Шартта көзделген инфрақұрылымдық жобаның іске асырылуына мониторинг жүргізу инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға жүктеледі.

4.3.3 Үшінші бағыт:

еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру

Бұл бағыт Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен көшуіне жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру шараларын көздейді.

Бағдарламаның үшінші бағытына ішінара жұмыспен қамтылғандар; жұмыссыздар; өз бетінше жұмыспен айналысушылар, табысы аз адамдар; жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; жастар, сондай-ақ оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілгеннен және Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаннан кейін этникалық қазақтар қатарындағы жаңадан келген көшіп келушілер (бұдан әрі – этникалық қазақтар қатарындағы көшіп келушілер) арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.

Бағдарламаның үшінші бағытына қатысудың басым құқығын ауыл жастары иеленетін болады.

Көшкеннен кейін отбасы мүшелері бірінің жұмыспен нәтижелі қамтылуы, коммуналдық қызметтерді, жалдау ақысын төлеу және отбасының берілген тұрғын үйде тұру мүмкіндігі Бағдарламаға қатысудың міндетті шарты болып табылады.

Бағдарламаға қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына көшуі: бір ауданның ішінде;

бір облыс шегіндегі бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға); бір облыстан басқасына жүзеге асырылады.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары елді мекендерді айқындау өлшемдерін экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Әзірленген өлшемдерге сәйкес жергілікті атқарушы органдар экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісе отырып, әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары елді мекендердің тізбесін айқындайды және оны Бағдарлама операторына жібереді.

Жергілікті атқарушы органдар айқындаған және экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары елді мекендердің тізбесі ВАК-та бекітіледі.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына көшетін Бағдарламаның осы бағытына қатысушылар мынадай өлшемдерге сәйкес келуге:

өз бетінше жұмыспен айналысатын, жұмыссыз, еңбекке жарамды табысы аз
х а л ы қ т ы ң с а н а т ы н а ж а т у ғ а ;

жаңа тұрғылықты жері немесе өңірлік немесе ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылатын жобалардың бейіні бойынша қолданыстағы Дерекқордағы жұмыс орындарына, сондай-ақ қабылдау өңіріндегі кәсіпорындардың еңбек ресурстарына сұранысына сәйкес келетін кәсіптік білімі болуға;

соңғы үш жылда бекітілген тізбеге сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұрақты тұруға тиіс.

Көрсетілген өлшемдер, көшіру мен жұмысқа орналастыруды жұмыс беруші өз бетінше жүзеге асырған этникалық қазақтар арасынан көшіп келушілерге, жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, жастарға, Бағдарлама қатысушыларына, сондай-ақ басқа облыстарға көшетіндер болып табылатын Бағдарламаның осы бағытына қатысушыларға қолданылмайды.

Жастарға арналған жатақханаларда тұруға үміткер адамдар мынадай өлшемдерге сәйкес келуге тиіс:

29 ж а с т а н а с п а ғ а н б о л у ы ;

қолданыстағы еңбек шарты немесе әлеуметтік келісімшарты болуы;

тұрғын үй құрылыс жинақтарының жүйесіне қатысуы керек.

Қазақстан Республикасы азаматтарының басқа облысқа көшуі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдары ұсынған жұмыс берушілер өтінімдерінің және өңірлік комиссиялардың ұсыныстарының негізінде Бағдарлама операторының шешімі б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Этникалық қазақтар қатарындағы көшіп келушілерге және олардың отбасы мүшелеріне қоғамға бейімдеу және кіріктіру мақсатында оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтары арқылы қызметтер (ақпараттық, құқықтық, әлеуметтік, медициналық және білім беру) кешені көрсетіледі.

Бейімдеу және кіріктіру қызметтері халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға көзделген қаражат есебінен көрсетіледі.

Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік қолдау:
к ө ш у г е с у б с и д и я б е р у д і ;

жаңа тұрғылықты жерінде кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқытуды, сондай-ақ жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді;

қ ы з м е т т і к т ұ р ғ ы н ү й б е р у д і ;

жастарға арналған жатақханалардан бөлме беруді;

п с и х о л о г и я л ы қ б е й і м д е у д і қ а м т и д ы .

Көшумен байланысты субсидиялар көшу шығыстарының өтемін қамтиды.

С у б с и д и я н ы ң м ө л ш е р і :

отбасылар бір ауданның шегінде көшкен жағдайда – отағасына он еселенген айлық есептік көрсеткішті, отбасының әрбір мүшесіне бес еселенген айлық е с е п т і к к ө р с е т к і ш т і ;

отбасылар бір облыс шегіндегі бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) көшкен жағдайда – отағасына жиырма бес еселенген айлық есептік көрсеткішті, отбасының әрбір мүшесіне он бес еселенген айлық есептік көрсеткішті;

отбасылар басқа облысқа көшкен жағдайда – отағасына елу еселенген айлық есептік көрсеткішті, отбасының әрбір мүшесіне отыз бес еселенген айлық есептік к ө р с е т к і ш т і қ ұ р а й д ы .

Бағдарламаның осы бағытына қатысу және мемлекеттік қолдау көрсету шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Келген жерінің жергілікті атқарушы органдары аумақты дамыту бағдарламасына, елді мекеннің бас жоспарына, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына немесе құрылыс салу жобасына сәйкес: қызметтік тұрғын үй салынатын учаскелерді айқындайды;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітілген үлгілік жобалар бойынша (аумақтардың сейсмикалық жағдайын ескере отырып) қызметтік тұрғын үйлер салуды, сатып алуды, салып бітіруді, сондай-ақ жастарға арналған жатақханалар салуды және сатып алуды жүзеге асырады; тұрғын үй құрылысы аудандарында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуды және (немесе) оны жеке құрылыс салушылардан с а т ы п а л у д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Жергілікті атқарушы органдар Бағдарламаға қатысушыларды отбасылық үлгідегі жатақханалардан орын беру, тұрғын үйлерді сатып алу, құрылысы бұрын басталған объектілерді салып бітіру, жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігіндегі бос тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді реконструкциялау есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ете алады.

Көшуін және жұмысқа орналасуын жұмыс беруші өзі жүзеге асырған азаматтар басым тәртіппен тиісті мемлекеттік қолдауды ұсына отырып, Бағдарламаның бірінші бағытына қатысушылардың құрамына енгізіледі.

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын қоныстандыру үшін жастарға арналған жатақханаларды, қызметтік тұрғын үйді беру және оны пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жас адамдарға жатақханалардан бөлмелер, сондай-ақ этникалық қазақтар қатарындағы көшіп келушілерге; жиырма үш жасқа дейінгі балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне; жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз

қалған балаларға; көшуін және жұмысқа орналасуын жұмыс беруші өзі жүзеге асыратын Бағдарламаға қатысушыларға; сондай-ақ басқа облыстарға көшетіндерге қызметтік тұрғын үй беру олардың бұрынғы тұрған жеріне, оның ішінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада тұрғанына қарамастан жүзеге асырылады.

Берілетін қызметтік тұрғын үйлердің ауданы отбасының құрамына байланысты, бірге тұратын отбасы мүшесінің біреуіне 18 шаршы метрден не отбасына 100 шаршы метрден аспауға және бір бөлмелі пәтерден не отбасылық үлгідегі жатақхананың бір бөлмесінен кем болмауға тиіс.

Тұрғын үйдің жалпы ауданының 1 шаршы метрінің құны жобалау-сметалық құжаттамада және Мемлекеттік сараптамада айқындалатын болады.

Құрылысын және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алуды республикалық бюджеттен қаржыландыру тұрғын үйдің 1 шаршы метрі өңірлерде 80 мың теңгеден (инженерлік желілердің құны және өңірдің сейсмикалылығы есепке алынбағанда) аспауға тиіс және Астана және Алматы қалаларында 120 мың теңге шегінде (инженерлік желілердің құны және өңірдің сейсмикалылығы есепке алынбағанда) болады. Тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны бойынша талаптар 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін құрылысына шарттар жасалған тұрғын үйлерге қолданылмайды.

Бұл ретте көрсетілген құннан асатын шығыстар жергілікті бюджет қаражаты және/немесе жұмыс берушілер есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Іске асыру тетігі:

1. Бағдарламаның үшінші бағытына қатысуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидасында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, көшуге өтініш береді.

2. Халықты жұмыспен қамту орталығы құжаттардың Бағдарламаның үшінші бағытына қатысуға іріктеу өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан қарайды, өтініш берушілермен көшудің ықтимал жолдарын келіседі және көшетін жеріне қарай құжаттарды өңірлік немесе аудандық (қалалық) комиссияға жолдайды.

3. Бағдарламаға қатысуға өтініш берген адамдардың құжаттарын қарау қ о р ы т ы н д ы с ы б о й ы н ш а :

1) өңірлік комиссиялар:

бір ауданнан басқа ауданға, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыс орталықтарының шегінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу (қосудан бас тарту) туралы ұсынымдар;

басқа облысқа көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу (қосудан бас тарту) туралы өтінімдер немесе ұсыныстар

д а й ы н д а й д ы ;

2) аудандық/қалалық комиссиялар бір ауданның шегінде көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу (қосудан бас тарту) туралы ұ с ы н ы м д а р д а й ы н д а й д ы .

4. Бағдарлама операторының, өңірлік не аудандық/қалалық комиссия шешімінің негізінде халықты жұмыспен қамту орталығы өтініш берушілерді Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу (қосудан бас тарту) туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

5. Бағдарламаның үшінші бағытына қатысушылар тізіміне енгізілген адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасында (келген жерінің) әлеуметтік келісімшартқа қол қойылады. Әлеуметтік келісімшарт көшу бойынша әлеуметтік қолдаумен қатар, жаңа жерде жұмысқа орналастыру бойынша іс-шараларды қ а м т и д ы .

6. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері жөніндегі уәкілетті орган сейсмологиялық аймақтарды және оның сипатын ескере отырып, тұрғын үйдің (жеке немесе көппәтерлі) үлгілік жобасын әзірлейді.

7. Бағдарламаға қатысушылар тиісті біліктілігі болған жағдайда, қызметтік тұрғын үйді салу және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту барысында құрылатын жұмыс орындарына орналасуға басым құқыққа ие б о л а д ы .

8. Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын халықты жұмыспен қамту орталығы бақылайды.

4.3.3.1 Үшінші бағытты пилоттық режимде іске асырудың қосымша шарттары

2013 жылдан бастап Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Павлодар облыстарында, сондай-ақ ВАК шешімімен айқындалған өңірлерде қызметтік тұрғын үйлер салу, сатып алу, салып бітіру және қоныстандыру жұмыс берушілердің қатысуымен жүзеге асырылады.

Жұмыс беруші тарапынан қоса қаржыландырылған жағдайда құрылыс орнын , салу, сатып алу және салып бітіру үшін тұрғын үйдің ықтимал нұсқаларын таңдау оның қатысуымен жүзеге асырылады.

Бұл ретте жұмыс беруші тарапынан қоса қаржыландыру салынатын, сатып алынатын және салынып бітірілетін тұрғын үйдің кемінде 10 %-ын құрауы және кемінде бір пәтер не жеке тұрғын үй салуды пайдалануға беруді не сатып алуды қ а м т а м а с ы з е т у г е т и і с .

Салынған және пайдалануға тапсырылған тұрғын үй мемлекет пен жұмыс беруші арасында осы тұрғын үйді салуға көзделген қаражатқа сәйкес бөлінеді.

Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу қызметтік тұрғын үйлер салуға, сатып алуға, салып бітіруге және қоныстандыруға қатысатын жұмыс берушілердің жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

Егер жұмыс беруші қызметкерлер үшін тұрғын үй салуды өз бетінше қамтамасыз еткен жағдайда, жергілікті атқарушы органдар заңнамаға сәйкес тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін бөлуге, аумақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына немесе құрылыс салу жоспарына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылуға, сондай-ақ жүргізуге және қосылуға техникалық жағдай жасалуына жәрдем көрсетеді.

Бағдарлама шеңберінде 2011 – 2012 жылдары енгізілген тұрғын үй әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетіне қарамастан, елді мекендерден көшетін Бағдарламаға қатысушыларға жұмыс берушілер тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыруға қатысуы шартымен беріледі.

4.3.4. Төртінші бағыт: ауылдық елді мекендерді дамыту

Бұл бағыт әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті орташа немесе жоғары ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Өз бетінше жұмыспен айналысатын, жұмыссыз, халықтың нысаналы топтары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар осы бағыттың қатысушылары болып табылады.

Қажетті кәсіптік біліктілігі бар Бағдарламаға қатысушыларға инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде құрылатын жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетіледі.

І с к е а с ы р у т е т і г і :

1) Облыстардың әкімдері бөлінген жалпы қаржыландыру лимиттерін негізге алып Бағдарлама шеңберінде іске асыру үшін инфрақұрылымдық жобаларды:

облыстар бойынша бөлінген жалпы қаржыландыру лимиттерін;
жергілікті бюджеттердің және әлеуметтік жауапты кәсіпкерлердің қоса қ а р ж ы л а н д ы р у ы н ;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін (жоғары н е м е с е о р т а ш а) ;

мемлекеттік сараптамадан өткен объектілерді салуға, реконструкциялауға, күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттаманың болуын;

инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде орташа және (немесе) ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру жоспарланып отырған орындалатын жұмыс көлемінің ақаулар ведомосының, сметалық құжаттамасының, шығыстар сметасының

б о л у ы н ;

құрылатын жұмыс орындарының санын, оларға Бағдарламаға қатысушылардың басым тәртіппен жұмысқа орналасуын және орташа айлық ж а л а қ ы с ы н ы ң м ө л ш е р і н ;

мемлекеттік сатып алуды жүргізу мерзімін және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді отандық өндірушілерден сатып алу мүмкіндігін; оларды іске асыруды бастау және аяқтау мерзімін; ауылдық елді мекеннің әлеуметтік және коммуналдық-тұрмыстық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу дәрежесін (тапшылық және/немесе әбден т о з у ы) ;

өңірдің табиғи-климаттық жағдайын және оларды іске асыруға әсер ететін басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, іріктеуді жүзеге асырады.

әлеуметтік жауапты кәсіпкер – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және Бағдарламаның іс-шараларын қоса қаржыландыруға өз еркімен ниет білдірген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға.

2) Инфрақұрылымдық жобалар :

коммуналдық-инженерлік инфрақұрылым объектілерін (су құбыры, кәріз, газбен, жылумен, электрмен жабдықтау жүйелері) реконструкциялауды, күрделі және ағымдағы жөндеуді ;

инженерлік-көлік инфрақұрылымын (кентішілік және ауылышылық жолдар, кіреберіс жолдар, аудандық маңызы бар жолдар, платиналар, бөгеттер мен көпірлер) реконструкциялауды, күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді;

әлеуметтік инфрақұрылымды (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, демалыс және ойын-сауық объектілері) реконструкциялауды, күрделі және ағымдағы жөндеуді;

ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттерді салуды;

абаттандыруды (көшелерді жарықтандыру және көгалдандыру, иесі жоқ объектілерді бұзу, қатты тұрмыс қалдықтары полигондарын, шағын сәулет нысандарын, қоршауларды, балалардың ойын алаңшаларын көріктендіру) қ а м т и д ы .

3) Облыс әкімдері іске асыру ұсынылатын инфрақұрылымдық жобаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілетін техникалық құжаттаманы және инфрақұрылымдық жобаларды таңдау негіздемесін қоса отырып, республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қарау үшін ұсынады;

2014 жылдан бастап инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жергілікті атқарушы органдар (кемінде 10 %) және әлеуметтік жауапты кәсіпкерлер (кемінде 10 %) тарапынан қоса қаржыландыру шартымен жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жауапты кәсіпкерлер қоса қаржыландырған жағдайда

Инфрақұрылымдық жобалардың тізбесі олардың қатысуымен айқындалады.

Әлеуметтік жауапты кәсіпкерлердің қатысуы ақшалай қоса қаржыландыру нысанында да және бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес тауарлық-материалдық құндылық ұсыну нысанында да болуы мүмкін.

4) Жобаларды қарау барысында республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жобалардың техникалық құжаттамада ұсынылған жұмыс түрлеріне сәйкестігін тексереді және жобаларды қарау нәтижесі бойынша тиісті қ о р ы т ы н д ы л а р д а й ы н д а й д ы .

5) Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің іске асырылуы көзделген инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруы бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

6) Жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде инфрақұрылымдық жоба іске асырылып жатқан елді мекенде тұратын (халықты жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша) Бағдарламаға қатысушыларға құрылатын жұмыс орындарының елу пайызына дейін ұсынуды қамтамасыз етеді. Еңбек нарығындағы ұсыныстарды пайдалана отырып, еңбек ресурстарын қосымша тартуға халықты жұмыспен қамту орталықтарымен жазбаша келісім болған жағдайда жол беріледі.

7) Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуды қалайтын және оған мүмкіндігі бар Бағдарламаның әлеуетті қатысушылары халықты жұмыспен қамту орталықтарына Бағдарламаға қатысуға өтінішпен жүгінеді және қажетті құ ж а т т а р д ы ұ с ы н а д ы .

8) Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларының кәсіптік біліктілігін және инфрақұрылым жобаларын іске асыратын жұмыс берушілердің кадрларға қажеттілігін ескере отырып, өтініш берушілерді Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу не одан бас тарту т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

9) Бағдарламаға қатысушы мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасында әлеуметтік келісімшарт жасалады.

10) Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушыларды іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобаларда құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналасу үшін жібереді.

11) Әлеуметтік келісімшарт талаптарының орындалуын халықты жұмыспен қамту орталығы бақылайды.

Бағдарламаға қатысушылар мен Бағдарлама шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысатын жұмыс берушілер туралы мәліметтер әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің «Жұмыспен қамту» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

12) Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Жұмыспен қамту 2020

бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын инфрақұрылымдық жобаларға
м о н и т о р и н г ж ү р г і з е д і .

Осы бағыт шеңберінде нысаналы даму трансферттерін аудару тәртібі
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220
қаулысымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу

Бағдарлама операторы облыстар, Астана және Алматы қалалары деңгейінде
Бағдарламаның көрсеткіштері мен іс-шараларына мониторингті жүзеге асырады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамту
мәселелері жөніндегі уәкілетті органдары аудандар (қалалар) деңгейінде
Бағдарламаның көрсеткіштері мен іс-шараларына мониторингті жүзеге асырады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары мен аудандардың (қалалардың)
жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдары ауылдар мен селолар
деңгейінде Бағдарламаның көрсеткіштері мен іс-шараларына мониторингті
ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Бағдарламаға қатысушылардың әлеуметтік келісімшартта айқындалған
міндеттерінің орындалу мониторингі аудандардың (қалалардың) жұмыспен
қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдары мен халықты жұмыспен қамту
о р т а л ы қ т а р ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

2013 жылдан бері Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, және
Павлодар облыстарында, сондай-ақ ВАК шешімімен айқындалған өңірлерде:

- жұмыс берушінің әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерінің
орындалу мониторингін халықты жұмыспен қамту орталығы мен білім беру
ұ й ы м ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

- білім беру ұйымдарының әлеуметтік келісімшартта айқындалған
міндеттерінің орындалу мониторингін халықты жұмыспен қамту орталығы мен
ж ұ м ы с б е р у ш і ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібін Бағдарлама
операторы бекітеді.

6. Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру

Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру 2012 жылдан бастап жұмыспен
қамту мен атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі - АӘК) көрсету арасында оңтайлы
б а й л а н ы с о р н а т у ғ а б а ғытталған.

Осы мақсатта әлеуметтік көмек көрсетудің мынадай тәртібі мен шарттары
ұ с ы н ы л а д ы .

АӘК күнкөрісі төмен отбасылар арасындағы еңбекке жарамды жастағы адамдарға олар осы Бағдарламада көзделген іс-шараларға қатысқан жағдайда ғана тағайындалатын болады. Олар жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан бас тартқан немесе келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдар оларға АӘК төлеуді тоқтата тұрады, бұл ретте отбасы АӘК алу құқығын сақтайды.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары азаматтардың әлеуметтік келісімшарттың талаптарын орындауына бақылау жүргізеді және ұсынылған көмектің тиімділігін бағалайтын болады.

Құрамында еңбекке қабілетті мүшелері жоқ (жалғызбасты, қарт адамдар) не отбасында мүмкіндігі шектеулі мүшелері (мүгедектер, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар) бар күнкөрісі төмен отбасыларға АӘК Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілетін болады.

7. Бағдарламаны институционалдық ұйымдастыру

Бағдарламаның іске асырылуы жоғарыдан төмен басқару құрылымымен басқарылады, оның құрамына ВАК, Бағдарламаның операторы, Бағдарламаны жергілікті деңгейде іске асыру жөніндегі өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялар, орталық және облыстық, аудандық және ауылдық маңызы бар жергілікті атқарушы органдар кіреді.

ВАК мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

Бағдарламаны бағыттары бойынша өңірлер бөлінісінде қаржыландыру лимиттеріне келісім береді;

Бағдарламаның орындалуының негізгі өлшемдерін қарауды жүзеге асырады және орталық және жергілікті атқарушы органдардың Бағдарламаны іске асыру бойынша есептерін тыңдайды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Бағдарламаны іске асыруға байланысты мәселелер бойынша ұсыныстар енгізеді.

Бағдарламаның операторы:

Бағдарламаны нормативтік құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қолдауды ;

Бағдарлама бағыттары бойынша қаржыландыру лимиттерін белгілеу жөнінде ұсыныстар дайындауды ;

жергілікті атқарушы органдар қол қойған Келісімдердің негізінде Бағдарламаның іске асырылуына мониторингті;

ағымдағы бос жұмыс орындары мен болжанатын жұмыс орындарының дерекқорын қалыптастыру тәртібін және жергілікті мемлекеттік органдар мен ұйымдар беретін кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру нысандарын әзірлеу

ж ә н е

б е к і т у д і ;

орталық мемлекеттік органдардың кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру тәртібі мен нысандарын әзірлеу және бекітуді;

өңірлік, аудандық (қалалық) комиссиялардың үлгілік ережелерін, әлеуметтік келісімшарттың, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарының әлеуметтік келісімшартқа қосылуы туралы өтініштерінің (хабарламаларының нысандарын) әзірлеу және бекітуді;

Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу тәртібін әзірлеуді және бекітуді;

жергілікті атқарушы органдар ұсыныстарының негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын кәсіптік білім беретін оқу орындарының тізбесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Өңірлік комиссиялар:

Бағдарламаға қатысушылардың тізіміне келісім береді;

жеке кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына келісім береді;

Бағдарламаны бағыттары бойынша өңірлер мен қалалар бөлінісінде қаржыландыру лимиттеріне келісім береді;

уәкілетті өңірлік ұйым микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарға және кредиттік серіктестіктерге беретін кредиттер бойынша жылдық сыйақы ставкасының мөлшеріне келісім береді;

соңғы қарыз алушы үшін микрокредиттер бойынша жылдық ең жоғары тиімді пайыздық ставканың мөлшеріне келісім береді;

жұмыс берушілердің өтінімдері мен басқа өңірлердегі өңірлік комиссиялардың ұсыныстарының негізінде Бағдарлама операторына Бағдарлама қатысушыларының басқа облысқа көшуі бойынша ұсыныс енгізеді;

облыстық, қалалық және аудандық маңызы бар жергілікті атқарушы органдардың Бағдарламаның орындалуы туралы есептерін тыңдайды.

Аудандық (қалалық) комиссиялар:

халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын ақпараттар мен құжаттар негізінде Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларына іріктеу жүргізеді және тиісті ұсыныстарды қарау үшін өңірлік комиссияларға жібереді;

жеке кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына келісім береді;

Бағдарламаның үшінші бағытының шеңберінде көшетін азаматтар мен көшіп келушілерге қатысты Бағдарлама қатысушыларының құрамына енгізу туралы (одан бас тарту туралы) ұсынымдарды әзірлейді.

Облыстық маңызы бар жергілікті атқарушы органдар:

аудандар мен қалалардың әкімдері ұсынған жобаларға және Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын іс-шаралар жоспарларына келісім береді;

Бағдарламаның өңірлік құрамдас бөліктерін қаржыландыру лимиттері жөніндегі ұсыныстарды өңірлік комиссияның және Бағдарлама операторының қ а р а у ы н а е н г і з е д і ;

экономикалық даму және сауда мәселелері жөніндегі уәкілетті орталық органмен келісім бойынша әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары елді мекендердің тізбесін айқындайды, Бағдарламаға қатысушылардың к ө ш у ж о с п а р ы н ә з і р л е й д і .

Өнімді еңбекке ынталылықты және экономикалық белсенділікті күшейту жөнінде халықпен жұмыс жүргізу тиімділігін арттыру үшін аудандық (қалалық) маңызы бар жергілікті атқарушы органдардың жұмыспен қамту қызметі ж а ң ғ ы р т ы л а т ы н б о л а д ы .

Барлық аудандарда (қалаларда) мемлекеттік мекеме нысанында Халықты жұмыспен қамту орталықтары құрылды, олардың қызметкерлері (азаматтық қызметшілер) Бағдарламаны іске асыруды қамтамасыз етеді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарының негізгі міндеттері:

1) жалпы рәсімдерді жүргізу: Бағдарламаға қатысу мәселесі бойынша азаматтарды хабардар ету және консультация беру қызметін ұсыну, құжаттарды дайындауда көмек көрсету, үміткерлердің қажеттіліктерін зерттеу мақсатында олармен консультация жүргізу және үміткерлердің әлеуметтік қолдауға мұқтаждығына бағалау жүргізу, Бағдарламаға қатысуға үміткерлердің қ ұ ж а т т а р ы н қ а б ы л д а у ;

2) Бағдарламаның әлеуетті қатысушыларын, олардың мәртебесіне, еңбек нарығындағы әлеуетті мүмкіндігіне және әлеуметтік қолдауға мұқтаждығын бағалауға байланысты санаттар бойынша іріктеу және бөлу;

3) Бағдарламаға қатысушылармен әлеуметтік келісімшартқа жасасу, олардың орындауына мониторинг жүргізу және оның талаптарын орындамаған жағдайда заңнамаға с ә й к е с с а н к ц и я қ о л д а н у .

Халықты жұмыспен қамту орталықтарының ауылдық округтерде Бағдарламаны іске асыру мәселелерімен, жұмыс берушілермен, білім беру ұйымдарымен және жеке меншік жұмыспен қамту агенттіктерімен өзара іс-қимылды үйлестірумен айналысатын өкілдіктері, бөлімшелері (немесе м а м а н д а р ы) б о л у ы м ү м к і н .

Халықты жұмыспен қамту орталығының үлгі жарғысын Бағдарлама операторы әзірлейді және бекітеді.

8. Бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз ету

Жұмыспен қамту бағдарламасын іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету енгізілетін Әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің (бұдан

әрі – ӘЕСБАЖ) базасында жүзеге асырылады.

«Еңбек нарығы (Дерекқор), «Шетелдік жұмыс күші», «Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі», «Әлеуметтік көмек (АӘК, МБЖ)», «Е-собес», «Байланыс орталығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін қамтитын ӘЕСБАЖ:

нақты уақыт режимінде Дерекқорды пайдалануға;

Бағдарлама шеңберінде орындалатын бизнес-процестерді автоматтандыруға; жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік қолдау үшін өтініш берген адамдарды, оның ішінде Бағдарламаға қатысушыларды автоматты түрде есепке а л у д ы ж ү р г і з у г е ;

АӘК тағайындау кезінде Бағдарламаға қатысушылардың табысын анықтау үшін «ЗТМО» РМҚК тиісті дерекқорларын пайдалану, бұл бюджет қаражатының мақсатсыз пайдаланылуын болғызбайды.

Бұған қоса, кәсіптік білім беретін оқу орындарының базасы қалыптастырылады және «Жастардың еңбек биржасы» бірыңғай веб-порталы қ ұ р ы л а д ы .

Бағдарлама шеңберінде сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарда көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары, қызметтер және оқу орындарының тізбесі туралы ақпарат Бағдарлама операторының, білім беру саласындағы уәкілетті органның, Бағдарлама операторының жанындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың және халықты жұмыспен қамту орталықтарының интернет-ресурстарында орналастырылады.

9. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен бір жарым миллион адамға дейін, оның ішінде шамамен 800 мың ауыл тұрғынын қамту жоспарланып отыр.

Жұмыспен тиімсіз қамтудың үлес салмағы төмендейді, жұмыссыздық азаяды, еңбек өнімділігі, сондай-ақ халықтың табысы артады.

2020 жылға дейінгі сандық индикаторлар Бағдарламаның екінші кезеңінің аяқталуына қарай тиісті өзгерістер енгізу мүмкіндігімен айқындалатын болады.

10. Бағдарламаны іске асыру кезендері

Бағдарламаны іске асыру екі кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезең – 2011 жыл пилоттық жыл болады, екінші кезең – 2012 – 2015 жылдар – Бағдарламаны енгізу кезеңі, 2016 – 2020 жылдар Бағдарламаны толық ауқымда іске асыру к е з е ң і .

Бірінші кезеңде (2011 жылдың 2-жартыжылдығы) Бағдарламаның бірінші

және екінші бағыттары барлық өңірлерде пилоттық режимде енгізілетін болады. Үшінші бағыт (экономикалық өсу орталықтарына және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге көшу) жергілікті атқарушы органдардан келген ұсыныстарға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Тиісті нормативтік құқықтық база жасалады, Бағдарламаға қатысушыларды экономикалық өсу орталықтарына және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге көшіру тетігі пысықталады, Бағдарламаға қатысушыларды ҮИИДМБ жобаларын іске асыруға тарту бойынша шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Сонымен қатар Бағдарламаны іске асырудың екінші кезеңіне дайындалу үшін облыстық және аудандық маңызы бар жергілікті атқарушы органдар:

Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын жобалардың тізбесін, қатысушылардың санаттарын, олардың белсенділігін арттыру шаралары мен тәсілдерін (Бағдарлама операторымен келісім бойынша) айқындайды; қызметтік тұрғын үй құрылысына және (немесе) оны сатып алуға жергілікті бюджет қаражатынан қоса қаржыландыру үлесін ескере отырып, Бағдарламаны іске асыруға бюджеттік өтінім ұсынады.

Жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік өтінімдері Республикалық бюджет комиссиясында қаралатын болады, онда мемлекеттің қаржы мүмкіндіктері ескеріле отырып, Бағдарламаны қаржыландырудың 2012 – 2015 жылдарға арналған лимиті айқындалатын болады.

Екінші кезеңде: 2012 – 2015 жылдары – Бағдарламаның өңірлік құрамдас бөліктері әзірленіп, келісілетін болады және орындала бастайды, әлеуметтік қолдау көрсету шарттары мен тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін б о л а д ы .

Үшінші кезеңде (2016 – 2020 жылдары) еңбек нарығында туындайтын қатерлерді басқару және жұмыспен нәтижелі қамтуға жәрдемдесу Бағдарламада ұсынылған тетіктер мен құралдар негізінде жүзеге асырылатын болады.

11. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыруға республикалық бюджетте:
2011 жылға – 37,4 млрд. теңге, оның ішінде:
бірінші бағыт бойынша: оқытуға және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге – 14,3 млрд. теңге;
екінші бағыт бойынша: кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге – 4,8 млрд. теңге;
үшінші бағыт бойынша: еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға – 16,2 млрд. теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз етуге және ақпараттық сүйемелдеуге – 2,1 млрд. теңге;
 2012 жылға – 57,6 млрд. теңге, оның ішінде:
 бірінші бағыт бойынша: өз бетінше жұмыспен айналысатын, жұмыссыз және табысы аз халықты оқытуға және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге – 22,1 млрд. теңге;
 екінші бағыт бойынша: ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге – 13,4 млрд. теңге;
 үшінші бағыт бойынша: еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға – 9,4 млрд. теңге;
 төртінші бағыт бойынша: ауылдық елді мекендерді дамытуға – 9,9 млрд. теңге;
 халықты жұмыспен қамту орталықтарын қамтамасыз етуге – 2,9 млрд. теңге;
 2013 жылға – 94,7 млрд. теңге (оның ішінде 20 млрд. теңге – шартты қаржыландыру шығыстары);
 2014 жылға – 100,6 млрд. теңге;
 2015 жылға – 98,7 млрд. теңге көзделген.

Келесі жылдары республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі жоспарланатын кезеңге арналған тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

12. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с№	Іс-шараның атауы	Шығыстар	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5	6
1. Ұйымдастыру іс-шаралары					
1.1	«2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	-	Қаржымині, ЭДСМ, Еңбекмині	Заң жобасының тұжырымдамасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК-қа енгізу	2011 жылғы наурыз
1.2	«2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350	-			

	қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу		Қаржымині, ЭДСМ, Еңбекмині	ҚР Үкіметінің қаулысы	2011 жылғы наурыз
1.3	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, ҚТКШПА, Әділетмині	Заң жобасының тұжырымдамасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ВАК-қа енгізу	2011 жылғы сәуір
1.4	«Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің бағдарламалық тұғырнамасында ағымдағы және перспективалық жұмыс орындары дерекқорын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету	2011 ж. РБ - 22 млн. теңге	Еңбекмині, ИЖТМ, МГМ, ККМ, АШМ, ДСМ, БҒМ, БАМ, ММ, жұмыс берушілердің бірлестіктері (келісім бойынша), облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	(Дерекқор	2011 жылғы 2-тоқсан
1.5	Ағымдағы және болжамды жұмыс орындары дерекқорына енгізу үшін қажетті мамандықтар мен бос жұмыс орындары туралы мәліметті ұсыну нысандарын әзірлеу және бекіту	-	Еңбекмині, ИЖТМ, МГМ, ККМ, АШМ, ДСМ, БҒМ, БАМ, ММ, жұмыс берушілердің бірлестіктері (келісім бойынша)	Еңбекминінің бұйрығы	2011 жылғы 1 мамыр
1.6	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Ведомствоаралық комиссия құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, Әділетмині	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	2011 жылғы сәуір
1.7	Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі өңірлік, аудандық (қалалық) комиссиялардың үлгі ережелерінің жобаларын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, Әділетмині	Еңбекминінің бұйрығы	2011 жылғы сәуір

1.8	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі өңірлік, аудандық (қалалық) комиссияларды құру	-	Облыстар, Астана мен Алматы қалаларының, аудандардың (қалалардың) әкімдері	Облыстар, Астана мен Алматы қалалары, аудандар (қалалар) әкімдіктерінің қаулылары	2011 жылғы мамыр
1.9	Бағдарламаны (бағыттары бойынша) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бөлінісінде республикалық бюджеттен қаржыландырудың жалпы лимиттерін және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін белгілеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, БҒМ, ҚТКШПА, Әділетмині, ЭДСМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	ВАК шешімі	Жыл сайын
1.10	Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасасу	-	Еңбекмині, БҒМ, ҚТКШПА, АШМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	Келісім	2011 жылғы мамыр
1.11	Аудандардың (қалалардың) Жұмыспен қамту орталықтарының үлгі жарғысын әзірлеу	-	Еңбекмині, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминінің бұйрығы	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін
1.12	Аудандардың (қалалардың) Жұмыспен қамту орталықтарын құру	2011 ж. РБ - 2115 млн. теңге	аудандардың, қалалардың әкімдері	аудандардың, қалалардың әкімдіктерінің қаулылары	2011 жылғы маусым
	Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының азаматтарын өз бетінше				

1.13	жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдарға жатқызу өлшемдерін айқындау жөніндегі қағидаларды әзірлеу	-	Еңбекмині, СА	Еңбекминінің бұйрығы	2011 жылғы шілде
1.14	«Мемлекеттік атаулы әлеуметті көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу	-	Еңбекмині	Еңбекминінің бұйрығы	2011 жылғы тамыз
2. Оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу					
2.1	Бағдарламаға қатысушыларды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларын көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу	-	Еңбекмині, БҒМ, облыстар, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін
3. Кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу					
3.1	Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, АШМ, «Даму» ҚДК» АҚ	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР

					З а ң ы қабылданғаннан кейін
3.2	Микроқаржы ұйымдарын конкурстық негізде кредит беру қағидаларын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині, ЭДСМ, АШМ, «Даму» КҚД » АҚ	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР З а ң ы қабылданғаннан кейін
4. Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру					
4.1	Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және Бағдарламаның үшінші бағытына қатысушыларға мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларын көрсетудің қағидаларын әзірлеу	-	Еңбекмині, ҚТКШИА, Қаржымині, ЭДСМ, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР З а ң ы қабылданғаннан кейін
4.2	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде облыстардың бюджеттеріне, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2011 жылға тұрғын үй салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру қағидасын әзірлеу	РБ- 11538,2 млн. теңге	Еңбекмині, ҚТКШИА, Қаржымині, Әділетмині	ҚР Үкіметі қаулысының жобасын ПМК-ға енгізу	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР З а ң ы қабылданғаннан кейін
4.3	Бағдарлама шеңберінде қызметтік тұрғын үй		ҚТКШИА, Еңбекмині, Қаржымині, облыстардың,	ҚТКШИА бұйрығы	

	салуға үлгі жобаларды әзірлеу және бекіту	РБ-245,0 млн. теңге	Астана мен Алматы қалаларының әкімдері		2011 жылғы желтоқсан
4.4	Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындау үшін өлшемдерді қабылдау	-	ЭДСМ, АШМ	Бірлескен бұйрық	2011 жылғы тамыз
4.5	Өңірлер бөлінісінде әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен және жоғары ауылдық елді мекендердің тізбесін айқындау	-	Облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, ЭДСМ, АШМ	Тізбе, ВАК шешімі	Ж ы л сайын
5. Ақпараттық жұмыс					
5.1	Халықтың мемлекеттік жұмыспен қамту саясаты мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру: - ғылыми-практикалық семинарлар, дөңгелек үстел отырыстарын, халықпен, жұмыс берушілермен, жеке меншік агенттіктермен кездесулер өткізу; - БАҚ-та сөз сөйлеу; - ақпараттық материалдарды Еңбекминінің веб-сайтына орналастыру	-	Еңбекмині, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әкімдері	Семинарлар, кездесулер, сөз сөйлеулер, жарияланымдар	Үнемі
6	«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу	-	Еңбекмині, БҒМ, ҚТҮКШПА, АШМ, БАМ, Қаржымині	ҚР Үкіметінің қаулысы	2013 жылғы қаңтар
7	«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қарашадағы № 1520 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан	-	Қаржымині, Еңбекмині, ҚТКШПА, БҒМ, ЭДСМ	ҚР Үкіметінің қаулысы	2013 жылғы сәуір

	Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу				
8	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде 2013 жылға ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге облыстық бюджеттерге кредит беру шарттарын әзірлеу	-	Еңбекмині, Қаржымині	ҚР Үкіметінің қаулысы	2013 жылғы ақпан
9	Ағымдағы бос жұмыс орындары мен болжанатын жұмыс орындарының дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және жергілікті мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру нысандарын әзірлеу	-	Еңбекмині, облыстардың, Алматы және Алматы қалаларының әкімдері	Еңбекминінің бұйрығы	2013 жылғы наурыз
10	Орталық мемлекеттік органдардың кадрларға қажеттілік туралы ақпарат беру қағидалары мен нысандарын әзірлеу	-	Еңбекмині, ИЖТМ, АШМ, МГМ, БҒМ, ДСМ, ККМ, МАМ,	Еңбекминінің бұйрығы	2013 жылғы мамыр
11	Жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарының әлеуметтік келісімшартқа қосылуы туралы өтініштерінің (хабарламаларының) үлгілік нысандарын әзірлеу	-	Еңбекмині, БҒМ	Еңбекминінің бұйрығы	2013 жылғы ақпан
12	Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу	-	Еңбекмині	Еңбекминінің бұйрығы	2013 жылғы шілде
13	Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының Кәсіпкерлікті дамыту карталарын әзірлеуі және бекітуі	-	аудандардың (қалалардың) әкімдіктері	Аудандардың (қалалардың) әкімдіктерінің қаулылары	2013 жылғы қараша
14	«Жастардың еңбек биржасы» веб-порталын құру	-	Еңбекмині, Қаржымині, БҒМ, «Нұр Отан» ХДП Жас отан Жастар қанаты (келісім	Интернет-сайт	

			бойынша), «Атамекен» ҰЭП (келісім бойынша)		2013 жылғы қараша
15	«Экономикалық әлеуеті төмен және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған өлшемдерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 28 шілдедегі № 28-2/430 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 28 шілдедегі № 225 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бірлескен бұйрық әзірлеу	-	ЭДСМ, АШМ	ЭДСМ мен АШМ бірлескен бұйрығы	2013 жылғы мамыр
16	Өңірлер бөлінісінде әлеуметтік-экономикалық әлеуеті төмен және жоғары ауылдық елді мекендердің тізбесіне өзгерістер енгізу	-	Еңбекмині, ЭДСМ, А Ш М , облыстардың әкімдері	Тізбе	2013 жылғы қыркүйек
17	Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқуды жүзеге асыратын кәсіптік білім беретін оқу орындарының тізбесін қалыптастыру	-	Еңбекмині, БҒМ, облыстардың, Алматы және Алматы қалаларының әкімдері	Тізбе	2013 жылғы наурыз
18	Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын кәсіптік білім беретін оқу орындарының тізбесін интернет-ресурстарға орналастыру	-	Еңбекмині, БҒМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, БАМ, «Атамекен» ҰЭП (келісім бойынша)	Интернет-сайттарда ақпарат	2013 жылғы сәуір
19	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері мен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасасу	-	Еңбекмині, БҒМ, ҚТКША, ЭДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Келісімдер	2013 жылғы қаңтар

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚТКША – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

МАМ – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі

ККМ – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі